

ЖІТІҚАРА АУДАНЫНА - 95 ЖЫЛ

ТАМЫРЫН ТЕРЕҢ ЖАЙҒАН БӘЙТЕРЕК



Отбасы – барлығымыздың жүрегімізге ең жақын сөз. Ол – махаббат пен тыныштықтың, мейрім пен жарасымның, қуаныш пен мерекенің мекені. Алғаш дүние есігін ашқанымызда қым-қиғаш өмірдің салқынын сездірмей, аялы алақан мен мейрімді жүректің шуағына бөлейтін де осы жер. Осында қабырғамыз қатайып, буынмыз бекиді. Ата-анамыздың қамқорлығы мен тәрбиесінің арқасында өмірдің қатал заңына қарсы тұрудың да қыр-сырын меңгереміз. Әйтеуір, отбасының тыныштығы мен жарасымы алдағы өміріміздің көрсеткіші іспеттес. Отбасы балғын балалық шағымызда еркелігімізді көтеріп, барша қауіп пен қатерден қорғайтын, оның үстіне бар жағдайымызды жасайтын асыраушымыз болса, ержеткенде қуанғанда бөлісіп, қиналғанда дем беретін, адал ақылшымыз әрі жақын досымызға айналады. Ал қартайғанда еткен еңбегіміз бен төккен теріміздің қайтарымы ретінде қамқоршымыз болмақ. Демек, адамның жер басып өмір сүруі, қоғаммен араласуы, еңбек етуі, нығметке бөленуі тікелей отбасымен байланысты.

Бүгін сөзге тиек болып отырған, жақында өткен облыстық «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының «Өнегелі отбасы» номинациясының жеңімпаздары Бектабановтар отбасы.

Бектабановтар отбасы – Жітіқара ауданында абырой-беделеге ие отбасы. Мүктікөл ауылында еңбек еткен Мәлік ата – жүргізуші, жұбайы Маржан әже – сауыншы болып жұмыс істеген. Олардың адал еңбегі «Еңбек ардагері» медалімен бағаланды. Бүгінде 5 бала, 12 немере, 19 шөбере тәрбиелеп отырған отбасы. Қазіргі уақытта балалары мен немерелері ата жолын қуып үлкендерге құрмет кішіге ізет көрсете жүріп өмірден өз орындарын алуда.

Мәлік ата әңгімесін әріден бастады... Соғыстан кейінгі жылдары... Әкем молда болатын. Ат жегіп алып әкемді ауыл-ауылды аралатып жүрген

уақытта Жітіқара ақсақалдарынан алған тәлімім көл-көсір. Содан болар құйма құлақ болып ауыздарынан шыққан әрбір ертегі, аңыз-әңгіме, бата-тілектерді жаттап алып, ескі кітап-қағаздарды жинап жүретінмін. Бүгінде ойласам құнды ауыз әдебиетімен сусындаған екенмін. Соғыстан кейінгі жылдары ешкімнің жағдайы болмады. Қарны тоқ болса да, көңілі жарымжан отбасылар көп еді. Менің ағам Салық та соғысқа кетіп оралмады, ал Ғабдолла ағам 15 жыл шахтада қызмет етіп 1969 жылы авариядан қайтыс болады. Ол ағамнан 4 ұл 4 қыз қалды. Бар жауапкершілік екеуміздің мойнымызға артылды. Балаларды басқалардан кем қылмайық деп оқытып-тоқытып, ұлдарды әскерге жіберіп, үйлендіріп ұй қылып, қыздарды бойжеткізіп тұрмысқа беріп ұзаттық. Бұған енді әжелерінің еңбегі зор, осы кісі «қолдау берейік, көмектесейік» деп бар жағдайды жасап жеңгеммен тату болды. Қазір сол балалар еңбегіміздің өтеуін мың еселеп қайтарып отыр. Ол уақытта «әкесіз қалды енді тәрбиелері не болады» деген күдік те болды бірақ, жеңгем ерік-жігерін жиып бәрін өз қолына алды. «Абысын тату болса ас көп деген» екеуі ошақ қасында бар шаруаны дөңгелетіп тындыра білді. Өзіміздің бес баламызбен бірдей көріп, жатырмай татулыққа ұйымшылдыққа тәрбиеледік.

Жұдырдықтай жұмылдырып, еңбекке тәрбиеледік. Соғым сойсақ та, шөп шапсақ та, бар тіршілікті бірлесіп шешіп, кесіп-пішіп отырдық. Осындай тәрбиені көрген балалар жаман болған жоқ. Бауырмалшылық, жанашырлық, осындайдан бастау алады. Адам бойындағы туыскандық, ағайыншылық қарым-қатынасқа адалдықты білдіретін ұғым – бауырмалдық болса, ал жанашырлық — бір адамның қиын жағдайға тап болған өзге адамға, ет жақын туған-туыстарына, тілектес, ниеттес, сыйлас кісілеріне деген ерекше көңіл күйі, қамқорлығы. Зиян

шегіп, шығынға ұшыраған немесе қайғы-қасіретке душар болған, сондай-ақ, қандай да бір ауыр қиындыққа тап болған адамдарға жанашырлық көрсету, оларға қолдан келгенінше көмектесу — адамгершіліктің белгісі болып табылады. Қиналған жанға бет-жүзіне қарамай жанашырлық таныту, әсіресе, қазақ халқына тән ерекше ұлттық қасиет қой. Осы тұста айта кетейін, Екібастұзда тұрған 1962 жылы туған ұлым Қалихан 1992 жылы авариядан қайтыс болды. Артында жәу-теңдеген 1 ұл 1 қыз баламен келіміз қалды. Ағайын – туғаны, анасы бар, 6-7 ағайынды келіміз 3-5 жас шамасындағы балапандарымен «сіздердің қолдарыңызға келіп тұрайыншы, мына балалар осында болса жетімдіктің қасіретін сезіне қоймас» деген соң көшіріп әкелдік. Келінді мұғалімдікке оқытып, «баламыздан қалған тұяқ» деп жан аямай немерелерді бақтық. Оқытып-тоқытып үйлі қылдық. Бүгінде балалар қолда өскесін ата-әжелеп ішкен астарын жерге қояды. Кейде ойлаймын, сол қиын сәтте келінім ақылға, адамгершілікке салмағанда бүгінде жат-бауыр болып кететін едік. Ешқандай ешкімнің сөзіне, пікіріне құлақ салмай, біздің отбасымыздың құндылығын сақтап, ақылға салғанына шүкіршілік етемін. Бұл тәрбие, адамгершілік және жүрегінің батырлығы деп білемін. Қазақстан әлем бойынша ажырасудан 2 орын алады дейсің қазір барға қанағат жоқ, бірден машина мінгісі келеді, үй алғысы келеді. «Сенің анауың жоқ, мынауың жоқ» деп шамалы көрген қиындыққа шыдай алмайды. Ұрыскеріс арылмайтын үйде береке болмайды. Әкесінің қамқорлығын, анасының мейірімін толық сезінген бала ғана айна-

басқа дүние болған жоқ, кейін радио, шифонер алдық. Татулықтың арқасында бірте-бірте бәрі болды. Балаларды да өсірдік, көлікті де алдық. Енді балалардың ғана емес, немерелер қызығына кенеліп жүрген жайымыз бар. Бір немереміз Көкшетауға жолдама әперіп дем алып келіп едік, енді екін-



ші немереміз дайындалыңдар «Жайлау» демалыс орнына барасыздар деп отыр. Бұл бізге Алланың берген нәсібі деп білемін. Қандай қиын болса да, күн-түн демей, жан-жағымызға көмектесіп жүрдік. Солардың разылығы. «Ботасын алма, батасын ал. Батасын алсаң өсіп-өнесің» деген мақал осы мақсатта айтылса керек. Бүгінде шөбере алақанынан май жалап, той дорбамызды өңгеріп алып жүрген жайымыз бар.

Әңгімеге барысында, ойға шомып кеткен Маржан әжеге «Әже, жастарға қандай тілегіңіз бар дегенде «ең бірінші қазақ тілін үйреніңдер, өз тіліңді құрметтей біл, қиын болса әне бір... интернетте бәрі бар үй-

Кезіндегі «өркенің өссін, өмірің ұзақ болсын» деген алғыс сөздердің рухымен көркейіп отырмыз»-деді (ата-мен әженің сөздері өзгертусіз берілді)

Даналық, байсалдылық, бауырмалшылық, қайырымдылық, мейірімділік иелері Мәлік ата мен Маржан әже қазіргі уақытта балалары - Шолпан, Гүлайым, Жәнісхан, Нұржамал және марқұм Қалиханнан тараған ұрпақтарының той-жоралғысынан қалмауға тырысады. Қостанай, Ақтөбе, Астана, Алматы, Шымкент деп балалары қай қалаға шақырса сонда барып, құда-құдағиларымен сыйласып отыр. Жақында 19-шы шөберелері дүниеге келді, «Қыз туылса өрісім кеңейді, ұл туса ұрпағым жалғасты» дейтін қазақпыз ғой деп қуанып отыр.

Тағдырдың соққысына төзіп, қанша қиындық көрсе де өмірдің мәнін тауып отырған Мәлік ата мен Маржан әже «отбасы құндылығы дегеніміз кез-келген отбасыда дінді сақтау, некені бұзбау, ұрпақ жалғастыру, баларды тәрбиелеу» деп жауап берді.

Бүгінде тамырын терең жайып, мәуелі бәйтерекке айналып, сый құрметке бөленіп отырған Бектабановтар әулетін тағы да лайықты жеңістерімен құттықтаймыз! Мерейлеріңіз үстем болсын! Өнегелі отбасы құндылығының қағидасы келер ұрпаққа аманат болсын!

Мәлік атаның айтары көп, үлкендердің ұлағатын көрген, тұнып тұрған өнегі екеніне көзім жетті. Батаның неше түрі, біз естімеген әңгімелері көп екен. Оның бәрін бір мақаланың ішіне сыйдыру мүмкін емес. Бізге берген батасының өзі екі парақ болады. Бүгінгі бүгін ұмытып қалып жүреміз, ал атаның есте сақтау қабілетіне тіпті таң қалдым. «Ата, осының бәрін аузыңыздан жазып



ласына жақсылық сыйлайды. Барға риза болып, тату тұрса бәрі уақытымен болады. «Ұят болады» деген осы бір ауыз сөзбен, бар құндылықты ыдыратпай ұстап тұрған ел едік, ал қазір ше!?! Бізде де бастапқыда қолдан жасалған қара буфеттан

реніп жазып ал, адал жұмыс істе сіңімді болады, ұрлық қылма, өтірік айтпа, жақсы жолдас таңда, жамандықтан аулақ жүр, ешкімге қиянат, зиян келтірмеңдер, тентек болмаңдар, «Баталы ұл арымас, батасыз ұл жарымас» бата алып жүріңдер.

алып кітап қылып шығаратын болса керемет болар еді»-деп едім, атамыз «ия, жазсаң кітап болды, айтсаң сыр болады, жырыласаң жыр болады ғой» деп езу тартып жауап берді.

Айнура
БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ.